Қамқоршылық кеңесінің отырысы бойынша
«№3 Хромтау орта мектебі» КММ
ХАТТАМАСЫ № 1

Өтілген күні: 17.09.2021ж.

Қатысқандар: мектеп әкімшілігі, ата-ана, жергілікті мекеме қызметкерлері

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

1. Мектептің жазғы жөндеу жұмыстары мен жаңа оқу жылына дайындығы .
2. 2021-2022 оқу жылы «Мектепке жол» акциясының қорытындысы

Тыңдалды:

1.Мектеп директоры Отаров Ш.Т.

Жазғы кезеңдегі оқу кабинеттеріне 75 есіктің жаңадан салынғанын және мектептің ішкі сырлау, әктеу жұмыстарының жүргізілгенін айтып өтті. Пайдалануға берілген мерзімі 1981 жылы, тамыз айы Техникалық сипаттамасы 3 қабатты, сыйымдылығы – 1176 орын
Мектепте жалпы 42 оқу кабинеті бар. Жабдықталған арнайы оқу кабинеттері: 1 физика кабинеті, 1 химия кабинеті, 1 биология, 2 информатика кабинеті, 2 ағылшын тілі кабинеті, технология ер балалар үшін 1 кабинет, технология қыз балалар үшін 1 кабинет бар. Сонымен қатар мектепте 1 спорт залы, 1 мәжіліс залы, 1 кітапхана бар. Алғашқы әскери дайындық пәніне арналған 1 оқу кабинеті бар. Мектеп асханасы 80 орындық. Мәжіліс залы – 90 орындық. Биыл жазғы мезгілде асхана, спорт зал , мәжіліс зал , оқу кабинеттеріне 75 есік жаңадан салынды. Мектепке ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. Алдағы уақытта жөндеуді қажет етіп тұрған Мәжіліс залы мен Көркем еңбек кабинеті. Көркем еңбек кабинетінің материалдық-техникалық базасын жабдықтауға қаражат қажет. Алдағы уақытта жөндеуді қажет етіп тұрған Мәжіліс залы мен Көркем еңбек кабинетінің материалдық-техникалық базасын жабдықтауға қаражат бөлінсе деген ұсынысын білдірді.

2.Әлеуметтік педагог-Ж.С. Исмагулова.

«Мектепке жол» акциясының табысты өткені туралы мектеп оқушыларына берілген көмектің құнын, кәсіпорыннан берілгенін айтып өтті.

«Мектепке жол-2021» республикалық қайырымдылық акциясы аясында Хромтау қаласының барлық ірілі-ұсақты кәсіпкерлеріне мектеп ұжымы атынан хаттар таратылды. Ақтөбе «Baspana build» құрылыс компаниясы 10 оқушыға сумка, оқу-құралдарымен таратты. Хромтау орталық сауда үйінің директоры- Таиса Трофимовна 5 оқушыны қажетті спорттық киім, аяқ киімдерімен қамтамасыз етті. «Мега Арзан» дүкені 1 оқушыға мектепке қажетті барлық киімдерімен қамтамасыз етті.
Дөң Тау-кен байыту комбинаты 5 оқушыны қажетті барлық киімдерімен, оқу-құралдарымен қамтамасыз етті.

Мектепке жол акциясы аясында 11 оқушы киім-кешекпен, 27 оқушы сумка, оқу-құралдарымен қамтамасыз етілді. **Барлық сумма-1 млн. 25000 теңгені құрайды**.

Жалпыға міндетті білім беру қорынан 7 оқушыға көмек берілді. 5 оқушы Атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасынан шыққан оқушылар, 1 оқушы қамқоршылықта, 1 оқушы аз қамтылған, көп балалы отбасынан шыққан оқушы. **Барлық сумма-197000 теңге.**

ШЕШІМІ:

1. Мектептің жазғы жөндеу жұмыстары мен жаңа оқу жылына дайындығы қанағаттанарлық деңгейде деп танылсын. Көркем еңбек пен Мәжіліс залын жөндеу жұмыстарына қаражат қарастырылсын.
2. Әлеуметтік жағдайы төмен отбасындағы оқушыларды жалпы оқумен қамту қорынан киім-кешекпен қамтамасыз етуде қайырымдылық шараларын ұйымдастыру кеңес мүшелеріне міндеттелсін.

Қамқоршылық кеңес төрайымы: Кеукенова Гульмира Нагашыбаевна
Қамқоршылық кеңес мүшелері: Реймов Қуандық Есболсынұлы
Ситекенов Оңдасын

Мырзагельдин Қуаныш Таңжарықұлы
Амангалиева Нургул Жолмұратқызы
Биржанов Марал Кансултанович
Курманбаев Ардақ Бақтыбаевич
Касенова Алмагуль Ербулатовна
Бримжанова Альбина

Хатшы: Жолдыбаева Г.Ж.